

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 10983 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А.Мамытбеков

2015 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

_____ А.Сәрінжіпов

2015 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрі

_____ Т.Дүйсенова
2015 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

_____ Ә.Исекешев
2015 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов
2015 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

_____ И.Тасмағамбетов
2015 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

_____ Е.Ыдырысов
2015 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е.Досаев
2015 жылғы 6 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В.Школьник
2015 жылғы " ____ " _____

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2017 № 448 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы аумағында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды (бұдан әрі – ТЖ) мемлекеттік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алу:

1) Қазақстан Республикасы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ саласындағы ахуалды сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыруға және қорытындылауға;

2) есепке алу құжаттарында жалпы санына және аумаққа тиістілігіне, есепке алу өлшемінде ТЖ түрлерін және санын белгілеуге арналған.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық қауіпті заттар – белгілі бір жағдайларда және белгілі бір шоғырлануы кезінде адамның немесе болашақ ұрпақтың денсаулығына зиянды әсер ететін, қолданылуы мен пайдаланылуы (халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы) нормативтік құқықтық актілермен және гигиеналық нормативтермен регламенттелетін заттар;

2) геологиялық қауіпті құбылыс – геологиялық сипаттағы оқиға немесе қызметінің нәтижесі адамдардың, ауыл шаруашылығы жануарлары мен өсімдіктерге, экономика объектілері мен қоршаған табиғи ортаға зақымдаушы әсер тудыратын немесе тудыруы мүмкін, жер қыртысында табиғи немесе геодинамикалық факторлардың немесе олардың үйлесімі әсерінен пайда болатын геологиялық процестер қызметінің нәтижесі;

3) геофизикалық құбылыс – геофизикалық сипаттағы оқиға немесе зақымдаушы үйлесімі тұрғындарға, ауыл шаруашылығы жануарлары мен өсімдіктерге, экономика объектілері мен қоршаған табиғи ортаға зақымдаушы әсер туындайтын немесе

туындауы мүмкін, әр түрлі геофизикалық факторлардың әсерінен немесе олардың үйлесімінен туындайтын жердің литосферасындағы, гидросферасындағы, атмосферасындағы процестер нәтижесі;

4) жарақат алған – еңбек қабілетін жоғалтуды немесе кемінде бір тәулік мерзімге емханаға жатқызудың қажеттігіне немесе алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін амбулаториялық емдеу тағайындауға әкелген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай және (немесе) төтенше оқиға, өрттің қауіпті факторларының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші мәрте қайталануынан, авария, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, жазатайым оқиға, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзала салдарынан дене жарақатын алған адам;

5) қауіпті құбылыс – биологиялық, геологиялық, геофизикалық, гидравликалық, метеорологиялық сипаттағы оқиға немесе адамдардың тіршілік әрекетіне, шаруашылық объектілері мен қоршаған табиғи ортаға қарқындылығы, таралу ауқымы мен ұзақтығына байланысты теріс әсер етуі мүмкін табиғи орта элементтерінің жай-күйі;

6) метеорологиялық құбылыс – адамдардың, ауыл шаруашылық жануарлары мен өсімдіктерге, экономика объектілері мен қоршаған табиғи ортаға зақымдайтын әсер тудыратын немесе тудыруы мүмкін атмосферада әртүрлі табиғи факторлардың немесе олардың үйлесімі әсерінен туындайтын табиғи процестер мен құбылыстар;

7) өрт кезінде қаза тапқан – тікелей өрт болған жерде немесе оқиға болған күнінен бастап 30 тәуліктің ішінде өрттің қауіпті факторларының әсері салдарынан алынған дене зақымдарынан (жарақаттарынан), сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші рет қайталануынан қайтыс болған адам;

8) өрттен болған материалдық шығын – азаматтардың жылжымайтын мүлкіне, өзге де негізгі қорларына, айналымдағы қаражатына, жеке мүлкіне келтірілген залалды қоса алғанда, егер олар өртке тікелей байланысты туындаған болса, жойылған және бүлінген материалдық құндылықтардың құндық мәні;

9) өрттің қауіпті факторларының екінші рет қайталануы – бүлінген аппараттардың, агрегаттардың, қондырғылардың, конструкциялардың сынықтары, бөліктері, бүлінген аппараттар мен қондырғылардан шыққан радиоактивті және улы заттар мен материалдар, кернеуді конструкциялардың, аппараттардың, агрегаттардың тоқ өткізгіш бөліктеріне шығарудың нәтижесінде пайда болған электр тогы, өрттің салдарынан болған жарылыстың қауіпті факторлары, от сөндіруші заттар;

10) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиға - аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, жазатайым оқиғаның, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан адамдардың құрбан болуына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан оқиға; ТЖ болып жіктелмейтін оқиға;

11) дүлей зілзала – нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі мүмкін немесе төнген, қоршаған табиғи орта құрамының және материалдық құндылықтардың қирауы немесе жойылуы мүмкін жойқын табиғи құбылыс немесе айтарлықтай ауқымдағы процесс;

12) ТЖ мемлекеттік есепке алу – табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ саны мен түрлері, сондай-ақ аумақтық белгілері бойынша тиесілілігі туралы мәліметтерді ведомстволық уәкілетті органдарда жинақтауға негізделген есепке алу жүйесі;

13) ТЖ фактілерін есепке алу негізі – кодтар беру арқылы (түрі, тобы, сыныбы) ТЖ бірыңғай тіркеу жүйесі;

14) тұтану - азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян, адамдарға, қоғам мен мемлекет мүдделеріне материалдық нұқсан келтірмеген, бақыланбайтын жану;

15) улы газбен улану - адамдардың құрамында улы, химиялық қосылыстар бар жану өнімдерімен, өрт қауіпсіздігі және іштен жанатын қозғалтқыштардың шығарынды газдар талаптарының бұзылуына байланысты пештен жылытудан (каминдерден) және басқа да құрылғылардан (жану процесі жүзеге асырылатын) улануы;

16) шаруашылық жүргізу объектілері - өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық өндірісінің және қоғам қызметінің басқа да салаларының мүдделеріне пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар және басқа да құрылымдар;

17) эксаумақтық мәртебесі бар объектілер – шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің және консулдық мекемелерінің, егер осындай эксаумақтылық Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық шарттарда көзделсе, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық және өзге де ұйымдары өкілдіктерінің аумақтары, үй-жайлары және автомобильдері. Егер осындай эксаумақтылық Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық шарттарда көзделсе, эксаумақтық мәртебесі дипломатиялық агенттердің, әкімшілік-техникалық консулдық лауазымды адамдардың, жоғарыда аталған ұйымдар қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайларына және қызметтік автомобильдеріне қолданылады. Егер осындай эксаумақтылық Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық шарттарда көзделмесе, эксаумақтық мәртебесі дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің қызмет көрсетуші персоналы мүшелерінің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық және өзге де ұйымдар өкілдіктері қызметкерлерінің автомобильдеріне, тұрғын үй-жайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылмайды.

2-тарау. Мемлекеттік есепті жүргізу үшін табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ түрлері

4. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар туралы ақпаратты қалыптастыру және жүйелендіру кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге тигізетін қатерлерді, қоршаған табиғи ортаға келтіретін зияндарды сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы пайдаланылады.

Табиғи сипаттағы ТЖ-ға мыналар жатады:

1) геофизикалық құбылыстар: жер сілкінісі (Қазақстан Республикасының аумағында немесе шекара маңы (жақын) мемлекеттерде болған);

2) геологиялық қауіпті құбылыстар: сырғымалар, опырылулар, қорымтастар, тас құламалары, селдер, орман жыныстарының шөгуі;

3) метеорологиялық құбылыстар: күшті жел (құйындар мен дауылдарды қоса алғанда), шаңды (құмды) дауылдар, ірі бұршақ, нөсер жауын (нөсер), қалың қар, қатты борандар (қарлы борасындар), қатты көктайғақ, қатты аяз, қатты ыстық, қалың тұман, құрғақшылық, қатқак, аңызак жел, көшкін;

4) гидрологиялық қауіпті құбылыстар: судың жоғарғы деңгейі (су басу), су толу, жаңбыр тасқыны, кептелістер мен сеңнің тоқтауы, жел айдаулары кезіндегі судың жоғарғы деңгейі, судың төменгі деңгейі;

5) табиғи өрттер - орман өрттері, дала және орман алқаптарының өрттері, жанғыш пайдалы қазбалардың жерасты өрттері;

6) жұқпалы аурулар мен уланулар: жұқпалы аурулар;

7) адамдардың улануы: тамақтан улану, сәулелік зақымдалулар;

8) жануарлардың ауруы және өлімі;

9) өсімдіктердің ауруы мен жойылуы;

10) су айдындарындағы оқиғалар.

Техногендік сипаттағы ТЖ-ға мыналар жатады:

1) көлік авариялары (апаттары): теміржол көлігінде; автожолдарда (автокөлікте); ішкі су көлігінде; теңіз көлігінде, магистральдық құбыр өткізгіштерде;

2) әуе апаттары мен инциденттері;

3) өрттер, жарылыстар:

тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік (өнеркәсіптік) мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда, әкімшілік-қоғамдық ғимараттарда от және газдың кенеттен шашырауы;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде;

ашық кеңістіктерде, көшелерде, адам жаппай жиналатын орындарда (жер беті көлігінің аялдамалары, метро станциясынан шығаберістері, базарлар, көтерме базарлар, стадиондар, парктер және сол сияқты);

жанғыш жылыту материалдары бар жеңіл металл конструкцияларды қолдана отырып орындалған ғимараттар мен құрылыстарда;

автомобиль және теміржол көпірлері мен жолдары астындағы жерасты өтпелерінде; ғибадат ғимараттары мен мекемелерінде;

мұнай және газконденсатты кен орындарында;

өнеркәсіп объектілерінде от пен газдың кенеттен шашырауы;

шахталарда, жерасты және тау-кен орындарында от пен газдың кенеттен шашырауы

;

- 4) жарғыш құрылғыларды залалсыздандыру кезіндегі жарылыстар;
- 5) жарылғыш заттар немесе жарғыш құрылғыларды табу (жоғалту);
- 6) қалдықтарды, күшті әсер ететін улы заттарды шығаратын авариялар:
 - химиялық қауіпті объектілердегі;
 - су көлігіндегі;
 - автомобиль;
 - темір жол;
 - авиа апаттары және жердегі инциденттер;
- 7) күшті әсер ететін улы заттардың көздерін табу (жоғалту);
- 8) табиғи ортаның айтарлықтай жоғары ластануы: топырақтың, атмосфералық ауаның, теңіз (өзен) су бетінің ластануы;
- 9) радиоактивті заттарды шығаратын (шығару қаупі бар) авариялар:
 - АЭС, өндірістік және ғылыми-зерттеу мақсатындағы атом энергетикалық қондырғыларында радиоактивті заттарды шығаратын (шығару қаупі бар) авариялар;
 - радиоактивті заттарды табу (жоғалту);
 - кәсіпорындарда және ғылыми-зерттеу мекемелерінде (зертханаларда) биологиялық қауіпті заттарды шығаратын (шығару қаупі бар) авариялар;
 - биологиялық қауіпті заттарды шығаратын (шығару қаупі бар) көліктегі авариялар;
 - биологиялық қауіпті заттарды табу (жоғалту);
- 10) көлік коммуникациялары (көпірлердің, тоннельдердің және басқа да құрылыстардың), оның ішінде салынып жатқан элементтерінің кенеттен қирауы;
- 11) ғимараттар мен тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени мақсаттағы құрылыстардың қирауы;
- 12) авариялар:
 - электр энергетикалық жүйелердегі;
 - тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріндегі опырылулар;
 - тазарту құрылыстарындағы;
- 13) гидродинамикалық авариялар: бөгеттердің бұзылуы (бөгендер, шлюздер, бөгеулер және тағы сол сияқты);
- 14) астрономиялық қауіпті құбылыстар:
 - аспан денелерінің құлауы;
 - ғарыштық ұшу аппараттары мен олардың сынықтарының құлауы;
 - жер төңірегіндегі радиациялық ахуалдың нашарлауы;
 - аномальды атмосфералық құбылыстардың пайда болуы.

5. Осы Қағидалардың 4-тармағында келтірілген көрсеткіштер табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ны мемлекеттік есепке алуға жатады.

Осы Қағидалардың 4-тармағында келтірілмеген жағдайлар ТЖ ретінде есепке алуға жатпайды.

3-тарау. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ны мемлекеттік есепке алу құжаттары

6. Азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік есептілік құжаттары:

1) жедел ақпарат – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері мен ұйымдары басшыларының қолы қойылып, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға дереу немесе бекітілген уақыт аралығында азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің жедел кезекшілерінің қолы қойылып берілетін табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар және жағдайлар туралы мәліметтер;

2) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы ақпараттық карточка – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес уақтылы жедел ден қоюды қажет ететін адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарларға және өсімдіктерге қатер төндіретін, қоршаған табиғи ортаға залал келтіретін табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ өршуінің анықталған үрдістері туралы салалық бөліктегі жиынтық мәліметтер немесе ақпарат;

3) жедел есепке алу – халықты және мүдделі ұйымдарды уақтылы құлақтандыру, ахуалды нақтылау және талдау, басқарушылық шешімдерді қабылдау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға аумақтық бөлімшелер, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшылары қол қойып берілетін, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар кезіндегі ахуалдың туындауы және өршу фактілері және оларды жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат;

4) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар туралы жедел мәлімдеме – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дереу ден қоюды талап ететін, шұғыл міндеттерді шешу үшін қажет ақпарат: ТЖ фактісі немесе қатері және негізгі параметрлері туралы; халықты және аумақтарды қорғау бойынша бірінші кезекті шаралар туралы; авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу туралы; ТЖ жоюға жұмылдырылған күштер, құралдар және ресурстар туралы ақпарат;

5) арнайы журналдар – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тіркейтін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды, оқиғаларды және өзге келіп түскен ақпаратты есепке алуға арналған журналдар;

6) комиссия мүшелері мен мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қол қойған және мөрмен расталған ТЖ туындаған аумақтарды (болған төтенше жағдай, төтенше жағдай аймағының ауданы, ғимараттар мен құрылыстардың зақымдалу және қирау дәрежесі мен сипаты, зардап шеккендер саны, залал мөлшері, төтенше жағдайды жою жөніндегі шаралар туралы негізгі мәліметтер көрсетіледі) тексеру актілері;

7) анықтамалар - болған төтенше жағдайдың, келтірілген залалдың және өзге де зардаптардың ауқымын растайтын мүдделі мемлекеттік органдардың басшысы не оны алмастыратын адам қол қойған және мөрмен куәландырылған қорытынды;

8) өрт туралы актілер - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері басшылық жасайтын комиссия әрбір өртке оны жойғаннан кейін бір тәулік ішінде жасайды. Комиссия құрамына ТЖ-дан зардап шеккен заңды тұлға өкілі немесе жеке тұлғалар және басқа да мүдделі адамдар кіреді. Өрт сөндіру бөлімшелері шақыртылмаған және хабарлама (ауызша немесе жазбаша) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне зардап шегушіден, сақтандыру ұйымдарынан немесе басқа да көздерден түскен өрт туралы актіні ақпарат алынған уақыттан бастап екі тәуліктен кешіктірілмей сол құрамдағы комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес кемінде екі данада жасайды.

Акті оған комиссия қол қойғаннан кейін өрт фактісі бойынша тексеріс жүргізген органда қалады. Өрт салдарынан келтірілген материалдық залал сомасы және оның туындау себептері жөнінде деректер болмаған кезде бұл мәліметтер 30 тәуліктен кешіктірілмей қорытынды (өрт сынақ зерттеу зертханасы), сараптама (өрт-техникалық), не ұйымның бухгалтерлік есептілік құжаттары, сақтандыру ұйымдары мәліметтері, сот органдары шешімдерінен үзінділер немесе мүлік иелерінің құжаттары ұсынылғаннан кейін толтырылады. Өрт туралы актінің көшірмесі мүлік иелері мен өрттен зардап шеккендерге өтініш бойынша сот органдарына шығынды өтеу, құжаттарды қалпына келтіру мәселелері бойынша жүгіну үшін, сондай-ақ сот органдарының жазбаша сұрау салулары бойынша беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы ақпаратты беру және оны жинау

7. Қазақстан Республикасының аумағында болған табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ фактілері бойынша құзыреті шегіндегі тоқсан сайынғы нақтыланған ақпаратты:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі (жарылыстар, өрт туралы, оқ-дәрі және әскери үлгідегі жару қондырғыларын табу);

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (ауыл шаруашылығы жануарларының аурулары мен улануы, ауылшаруашылығы өсімдіктерінің аурулар және зиянкестермен зақымдануы туралы);

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (темір жол, су көлігіндегі, автожолдардағы, әуе көлігімен болған авариялар, авиаапаттар және көлік коммуникациялары элементтерінің қирауы, тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің коммуналдық жүйелері туралы);

4) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (электроэнергетика жүйелеріндегі, кәсіпорындар мен магистралды құбырлардағы, мұнай, мұнай-газ және газконденсатты кен орындарындағы өрттер, жарылыстар, авариялар туралы, өндірістік

және ғылыми-зерттеу мақсатындағы атом энергетикасы қондырғыларындағы радиоактивті заттарды шығаратын авариялар, радиоактивті заттарды табу (жоғалту) туралы);

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (ТЖ медициналық-санитариялық салдарының туындау қатері және (немесе) туындауы, адамдардың қауіпті инфекциялық аурулары мен уланулары туралы);

6) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бөгеттердің (бөгендердің, шлюздердің, бөгеулердің) бұзылулары туралы, гидрогеологиялық құбылыстар, орман өрттері, ормандардың аурулар және зиянкестермен зақымдануы, жабайы жануарлардың аурулары мен өлімі, балықтардың жаппай қырылуы, экологиялық жағдайлар, атмосфералық ауаның, топырақтың, жерүсті теңіз және өзен суларының ластануы, қоршаған ортаның радиоактивті ластануы туралы);

7) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (қауіпті метеорологиялық және гидрологиялық құбылыстар, қоршаған ортаның ластануы туралы);

8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің " Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (жер сілкіністері туралы);

9) облыстар, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (өндірістегі жазатайым оқиғалар мен авариялардан зардап шеккендер, дала өрттері, дәнді және басқа да дақылдардың егінді алқабының жануы туралы) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел кезекші-диспетчерлік қызметтері өз құзыреті шегінде өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік органдардан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оқиғалар саласындағы ақпаратты сұратады және алады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оқиғалар қауіп төну және/немесе туындау фактісі жағдайында ақпаратты:

1) аумақтық бөлімшелер, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға;

2) орталық атқарушы органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға дереу береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделмеген, бірақ қоғамдық резонанс тудыруы мүмкін әлеуметтік мәні бар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпаратты азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері мен ұйымдары, жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар жедел ақпарат ретінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оқиғалар туралы ақпарат азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға барлық қолданыстағы құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету арналары мен байланыс жүйелері (түрлері) арқылы беріледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, оқиғалардың қатері, туындауы немесе оларды жою туралы ақпаратты азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне:

жергілікті атқарушы органдар (облыстар, қалалар, аудандар, қала аудандары, ауылдар, ауыл округтері);

меншік нысандарына қарамастан ұйымдар тез арада байқаған сәттен бастап береді.

Өңірлік немесе жаһандық сипаттағы ТЖ қатері немесе олар туындаған жағдайда азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері ақпаратты тиісті аумақтың әкіміне, сондай-ақ шектесетін әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдеріне дереу береді.

5-тарау. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ мемлекеттік есепке алуды жүргізу

13. ТЖ мынадай негізгі белгілер бойынша жіктеледі: туындау саласы, ведомстволық тиістілігі, ықтимал салдардың ауқымы.

ТЖ туындау саласы бойынша табиғи және техногендік болып бөлінеді.

Ведомстволық тиістілігі бойынша: құрылыста; өнеркәсіпте; аграрлық секторда, тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық салада; ауыл және орман шаруашылығында; көлікте және т. б. болатын жағдайларға бөлінеді.

Ауқымы бойынша объектілік, жергілікті, өңірлік, жаһандық болып бөлінеді.

14. Есепке алу негізі – табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғаларды бірыңғай тіркеу жүйесі.

1) ТЖ есепке алу мынадай кезеңдерден тұрады:

есептік құжаттарда ТЖ туралы мәліметтерді тіркеу;

жинақтау, өңдеу және алдыңғы ұқсас кезеңмен салыстыру, ТЖ көрсеткіштерін қорытындылау, ақпаратпен алмасу және салыстырып тексеру;

ТЖ туралы жиынтық құжаттарды жасау және оларды мемлекеттік билік институттарына, ұйымдарға, шет елдерге беру;

олардың негізінде талдау материалдарын қалыптастыру және мемлекеттік билік институттарына, ұйымдарға, шет елдерге ұсыну.

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар, меншік нысандарына қарамастан ұйымдар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға ТЖ-дан халық пен аумақтарды қорғау мәселелері бойынша ақпаратты белгіленген ақпарат критерийлеріне және ақпарат беру регламентіне сәйкес немесе азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның сұрауы бойынша береді;

3) табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ қатері және туындау фактілері туралы ақпарат беру коммерциялық емес негізде байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз етудің қолданыстағы арналары мен жүйелері (түрлері) бойынша бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан, оқиғалардан халықты және аумақтарды қорғау саласында ақпарат:

болжанған және туындаған ТЖ және олардың зардаптары;

халықты және аумақтарды қорғау жөніндегі шаралар;

авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

жою үшін жұмылдырылған күштер мен құралдар;

алдын алу және жоюға арналған күштер мен құралдардың құрамы мен құрылымы;

жергілікті атқарушы органдар, меншік нысандарына қарамастан ұйымдар халықты және аумақтарды қорғау саласында өткізетін іс-шаралар;

жою үшін қаржы және материалдық ресурстарды құруы, болуы, пайдалануы және толықтырып отыруы туралы мәліметтерді қамтиды.

16. Өрт ретінде есепке алынбайтын мына жағдайлардан басқа Қазақстан Республикасының аумағында болған барлық өрттер олардың туындаған уақыты мен орнына және зардаптарына қарамастан есепке алуға жатады:

1) Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғаларына материалдық залал келтірілген немесе басқа да зардаптар болған жағдайларды қоспағанда, оларға келтірілген зардаптарға қарамастан эксаумақтық мәртебесі бар объектілерде болған өрттер;

2) өрттің пайда болуын тудырмайтын статикалық электр көзінің жарылыстары, жарқылдары мен разрядтары;

3) ашық аумақтар мен дала алқаптарындағы иесіз ғимараттар мен иесіз көлік құралдарының, құрғақ шөптің, жапырақтардың, терек ұлпасының, шабындық қалдықтарының, аңыздардың, сондай-ақ қоқыс төгетін жерлердегі, бос жерлердегі, үй-жайлар мен шаруашылық жүргізу объектілерінің аумақтарындағы, жол жиектеріндегі, жинауға арналған контейнерлік алаңдардағы, жинауға арналған контейнерлердегі (урналардағы), тұрғын үйлердің лифт шахталарындағы (лифтілеріндегі), тұрғын үйлердің қоқыс жинағыштарындағы (қоқыс құбырларындағы), тұрғын үйлердің баспалдақ торларындағы, тұрғын үйлердің жертөле және шатыр үй-жайларындағы қоқыстардың тұтанулары;

4) өндірістің технологиялық процесінің ерекшеліктеріне (техникалық регламентке немесе басқа да техникалық құжаттамаға кіргізілген) немесе өнеркәсіптік қондырғылар мен агрегаттардың, сондай-ақ үйді жылытуға арналған тұрмыстық пештердің жұмыс жағдайына байланысты жану жағдайлары;

5) заттарды қайта өңдеу, сапалық сипатын өзгерту мақсатында (кептіру, пісіру, үтіктеу, қақтау, қуыру, балқыту және басқалары) отпен, жылумен немесе өзге де термиялық (жылулық) әсермен өңдеу нәтижесі ретіндегі жану жағдайлары;

6) электр жабдықтарындағы, тұрмыстық және өнеркәсіптік электр аспаптарындағы жанудың аппараттан, агрегаттан және механизмнен тыс таралуын тудырмайтын электр желілерінің қысқа тұйықталу жағдайлары;

7) тұрмыстық электр аспаптарының ақауы кезіндегі түтіндеу және тағам дайындау кезінде өрттің пайда болуын тудырмайтын күй жағдайлары;

8) өзін-өзі өлтіруге оқталу және өзін-өзі өртеу жолымен өлтіру жағдайлары, егер олар жанудың таралуын тудырмаса;

9) жол-көлік оқиғасы себебінен болған автокөлік құралдарының жану жағдайлары;

10) зардаптар мен залалсыз пирофорлық қосқыштардың өздігінен тұтану жағдайлары;

11) авиациялық, темір жол авариялары, террористік актілер, ұрыс қимылдары, құқық қорғау органдарының арнайы операциялары, жер сілкіністері себебінен өрттер;

12) тұтану жағдайлары.

17. Өрттен болатын материалдық шығынның есебі:

1) өрт болған ұйымдардың бухгалтерлік есептілік құжаттарының;

2) сақтандыру ұйымдары мәліметтерінің;

3) сот органдары шешімдері үзінді көшірмелерінің;

4) мүлік иелері құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Өрттен келген материалдық шығын оны өтеу дәрежесіне қарамастан тікелей (туындаған өртке тікелей байланысты) және жанама залалдан (өрт сөндіруге, өрттің

салдарын жоюға, объектінің жұмыс істеуін қалпына келтіруге арналған шығындар, сондай-ақ объектілердің тұрып қалуынан болатын шығындар және басқалар) құралады.

Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына өтейтін жағдайларды қоспағанда, эксаумақтылық мәртебесі бар объектілерге өрт нәтижесінде келтірілген материалдық шығын есепке алынбайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар кезінде зардап шеккендерді есепке алу

18. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар кезінде барлық зардап шеккендер есепке алуға жатады (оның ішінде улы газбен улану, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына байланысты (өрттің шығу фактілері жоқ)).

Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар бойынша және олардың салдарлары бойынша алғашқы деректерді қалыптастыру кезінде адамдардың қайтыс болуы және жарақаттануының барлық фактісі:

1) денсаулық сақтау ұйымдары ұсынатын Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске сәйкес, қайтыс болу себептері туралы қорытындылар немесе жарақат алғанның сырқатнамасының үзінді көшірмелерінің негізінде есепке алынады;

2) 16-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген жағдайларда есепке алуға жатпайды және жазатайым оқиғалар, қасақана кісі өлтіруге (өзін-өзі өлтіруге) не қасақана өлтіруге (өзін-өзі өлтіруге) әрекет жасау болып саналады.

19. Бұдан бұрын табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар мен жағдайлар кезінде қайтыс болғандар ретінде есепке алынған, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар мен жағдайлар туындау сәтіне дейін адамдар өлімін сот сарапшылары анықтаған кезде көрсетілген адамдар табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар мен жағдайларда қайтыс болғандарды есепке алудың деректер базасынан алып тасталады.

Жолдағы немесе уақытша тұрақтардағы көлік құралдарында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оқиғалар кезінде қаза тапқан немесе жарақат алған адамдар табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар мен жағдайлар туындаған орны бойынша есепке алынады.

20. Денсаулық сақтау ұйымдары:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оқиғалар кезінде зардап шеккендер, медициналық көмек көрсетуге өтініш жасағандар немесе жеткізілгендер туралы, сондай-ақ алған жарақатынан қайтыс болғандар туралы ақпаратты азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне дереу ұсынады;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, оқиғалар бойынша тексеру жүргізетін лауазымды адамдардың сұрау салуы бойынша 3 тәуліктен кешіктірмей Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске сәйкес қайтыс болу себептері туралы қорытындыларды немесе жарақат алғанның сырқатнамасынан үзінділерді ұсынады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Салыстыра тексеруді ұйымдастыру және жүргізу

21. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жергілікті жерде тоқсан сайын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық органдарымен ауыл шаруашылығы жануарларының аурулары мен улануы, ауылшаруашылығы өсімдіктерінің аурулар және зиянкестермен зақымдануы туралы;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің аумақтық органдарымен темір жол, су көлігіндегі, автожолдардағы, әуе кемесімен, көлік коммуникациялары элементтерінің қирауы, тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің коммуналдық жүйелері;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің аумақтық органдарымен электроэнергетика жүйелеріндегі өрт, жарылыстар, кәсіпорындар мен магистралды құбыр өткізгіш көлікте, мұнай, мұнай-газ және газконденсатты кен орындарындағы авариялар, атом электрстанцияларында, өндірістік және ғылыми-зерттеу мақсатындағы атом энергетикалық қондырғыларында радиоактивті заттарды шығаратын авариялар туралы;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық органдарымен ТЖ медициналық-санитариялық салдарының туындау қатері және (немесе) туындауы, адамдардың қауіпті жұқпалы аурулары мен уланулары туралы;

5) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бөгеттердің (бөгендердің, шлюздердің, бөгеулердің) бұзылулары, гидрогеологиялық құбылыстар, орман өрттері, ормандардың аурулар және зиянкестермен зақымдануы, жабайы жануарлардың аурулары мен өлімі, балықтардың жаппай қырылуы, экологиялық жағдайлар, атмосфералық ауаның, топырақтың, жерүсті теңіз және өзен суларының ластануы, қоршаған ортаның радиоактивті ластануы туралы;

6) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен қауіпті метеорологиялық және гидрологиялық құбылыстар, қоршаған ортаның ластануы туралы;

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің " Сейсмологиялық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жер сілкіністері туралы (жер сілкіністері туралы);

8) өндірістегі жазатайым оқиғалар мен авариялар нәтижесінде зардап шеккендер, дала өрттері, дәнді және басқа да дақылдардың егінді алқабының жануы, медициналық-санитариялық салдарының туындау қатері және (немесе) туындауы және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ, оқиғалар мен жағдайлар кезінде зардап шеккен адамдарды есепке алу бойынша мәліметтерді салыстыра тексеруді жүргізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 05.03.2021 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Табиғи және техногендік
сипаттағы төтенше жағдайларды
мемлекеттік есепке алуды
жүзеге асыру қағидаларына
1 - қосымша

Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы ақпараттық карточка ТЖ коды (ТЖ сыныбы , тобы)

№ р/с	1. Ақпараттық бөлім	Ескертпе
1	Карточканың нөмірі және түрі (күні): негізгі (бірінші), қосымша	
2	ТЖ коды	
3	ТЖ түрлері:	
4	ТЖ туындаған күні (күні, айы, жылы)	
5	Объектінің орналасқан жері	
6	ТЖ орнынан бастап жақын өрт сөндіру бөліміне дейінгі ара қашықтығы, (км)	
7	Төтенше жағдайлар туындаған жерден жақын жердегі елді мекенге дейінгі ара қашықтығы	
2. ТЖ өршуі және оларды жою		
8	Өрт сөндіру бөлімшелерінің шығуы:	
9	Анықтау, хабарлау, бөлімшелердің шығу күні мен уақыты:	
10	Шақыру: расталды, көрінеу жалған	

11	АҚМЖ уәкілетті органы келгенге дейін жойылды: күні мен уақыты, ауданы	
12	Желдің жылдамдығы мен бағыты	
13	Оттың таралу жылдамдығы м/с	
14	ТЖ оқшаулау:	
15	ТЖ жою:	
16	ТЖ өршуіне ықпал еткен жағдайлар:	
3. ТЖ салдарлары		
17	Қаза тапқан адамдар туралы мәліметтер:	
18	Жарақат алған адамдар туралы мәліметтер:	
19	Құтқарылғандар саны:	
20	Эвакуацияланғандар саны:	
21	Келтірілген материалдық шығын (мың теңге), барлығы:	
22	Қырылған жануарлар (құстар), барлығы:	
23	Құтқарылған жануарлар (құстар) саны	
24	Жойылды, барлығы:	
25	Зақымданды, барлығы:	
26	Құтқарылған материалдық құндылықтар (мың теңге), барлығы:	
27	Қираулардың, құлаулардың, зақымданулардың болуы және сипаты (сипаттау)	
4. ТЖ жоюға арналған күштер мен құралдар		
28	Жоюға жұмылдырылған, барлығы :	
29	АҚМЖ уәкілетті органы	
30	ТЖ жоюға арналған қосымша күш : АҚМЖ уәкілетті органы, басқа да мүдделі органдар	
31	ТЖ жою штабы	
32	ТЖ жою басшысы	
33	ТЖ-ны жоюға арналған шығындар , теңге	
5. Объектінің сипаттамасы		
34	Объектінің атауы (ұйымның мекен-жайы, БСН, телефон, факс және e-mail, басшының аты- жөні)	
35	Меншік нысаны:	

36	Конструктивтік ерекшеліктері:	
37	Эвакуациялау жолдары:	
38	Байқау, құлақтандыру, өрт сөндіру сигнализациясы, авария болған жағдайда байланыс және іс-қимылды қолдау жүйесінің болуы:	
6. ТЖ тергеп-тексеру		
39	СДТБТ АЕК-та қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты тіркеген орган	
40	ТЖ-ға әкеліп соққан мән-жайлар мен себептер (сипаттамасы)	
41	ТЖ аймағында қалған объектілер саны:	
42	Кінәлі адамдар туралы мәліметтер	
43	Тергеп-тексеру нәтижелері	
44	Ірі өртті тергеп-тексеру бойынша үкіметтік комиссия құру туралы мәлімет	
7. ТЖ тергеп-тексеру, жою нәтижелері бойынша қорытынды анықтама (аналитикалық бөлім)		
45	Болған ТЖ сипаттамасы	
46	Инженерлік-инспекторлық құрам жүргізген жұмыс	
47	Соңғы тактикалық оқу-жаттығулар, сабақтар туралы мәліметтер	
48	Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету туралы қабылданған шаралар	
49	ТЖ пайда болуының ықтимал себептерін талдау	
50	ТЖ жою басшылығындағы жағымды жақтар мен кемшіліктер	
51	Б о л ғ а н Т Ж ауыртпашылықтарының алдын алу және азайту бойынша жүргізілген іс-шаралар	
52	Жарақат алуға, өлімге ықпал еткен жағдайлар мен себептерді болдыртпау бойынша ұсынылатын іс-шаралар	
53	Қорытынды, ұсыныстар, шаралар	
54	Толтыру бойынша жауапты адамдар (аты-жөні, лауазымы, тел. , орындаған күні)	

өрт сөндіру басшысы, мемлекеттік өрт бақылау қызметкері – руководитель тушения пожара, сотрудник государственного пожарного контроля

объект әкімшілігінен – от администрации объекта

мемлекеттік сақтандыру өкілдері – представители государственного страхования

қоғамдық ұйымдардан және басқа да тұлғалар – от общественных организаций и другие лица

осы актіні 20 ____ жыл " ____ " _____ болған өрт туралы жасады.

составила настоящий акт о происшедшем пожаре " ____ " _____ 20__ года.

Объектінің атауы (толық) _____

Наименование объекта (полное)

Объектінің тиесілілігі, меншіктің нысаны _____

Принадлежность объекта, форма собственности

Үйдің, ғимараттың қабаттылығы _____

Этажность здания, сооружения

Объектінің мекенжайы _____

Адрес объекта

Өрт орнынан бастап жақын жердегі өрт сөндіру бөліміне, мамандырылған өрт сөндіру бөліміне дейінгі арақашықтық _____

Расстояние от места пожара до ближайшей пожарной части, специализированной пожарной части

Күні _____ және өртті байқаған уақыты _____ сағат _____ минут

Дата и время обнаружения пожара час минут

Өрт туындаған орын (болжамды) _____

Место возникновения пожара (предполагаемая)

животным, опасность обрушений и взрывов действия населения, добровольных противопожарных

___формирований)

Өртті сөндіру кезінде пайдаланылған күштер мен құралдар: Силы и средства, применявшиеся при тушении пожара:

Өрт сөндіруге қатысқандар және олардың саны (қажеттісінің астын сызып, санын қою керек–

участники тушения пожара и их количество (нужное подчеркнуть и поставить количество):

"Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесінің, Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері – Сотрудники Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ", Департамента по чрезвычайным ситуациям _____,

мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің қызметкерлері – работники негосударственной противопожарной службы _____

_____ ,
өртке қарсы ерікті ұйымдардың мүшелері – члены добровольных противопожарных формирований _____

_____ ,
ішкі істер органдарының қызметкерлері – сотрудники органов внутренних дел _____

_____ ,
тұрғындар, кәсіпорын, ұйым, мекемелердің қызметкерлері – население, работники предприятий, организаций, учреждений _____

_____ ,
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери бөлімшелерінің әскери қызметкерлері – военнослужащие воинских подразделений Министерства обороны Республики Казахстан, Министерства внутренних дел Республики Казахстан, Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, _____

Өрт сөндіру бөлімінің №, газ-түтіннен қорғау қызметі бөлімшелерінің, буындарының саны _____

№ пожарной части, количество отделений, звеньев газодымозащитной службы

газ-түтіннен қорғау қызметі бөлімшелері, буындары жұмысының жиынтық уақыты

Суммарное время работы отделений, звеньев газодымозащитной службы

Өрт сөндірген кезде пайдаланылған өрт техникасының түрі, саны (қажеттісінің астын сызып, санын қою керек) – тип, количество пожарной техники, использованной при тушении пожара (нужное подчеркнуть и поставить количество): автоцистерна – автоцистерна _____, автосорғыш – автонасос _____, сорғыш станция – насосная станция _____, сорғыш-жеңдік автомобиль – автомобиль насосно-рукавный _____, ұнтақты сөндіруші автомобиль – автомобиль порошкового тушения _____, аралас сөндіруші – комбинированного тушения _____, көбікті сөндіруші – пенного тушения _____, аэродромдық өрт сөндіру автомобилі – пожарный автомобиль аэродромный _____, газ-сумен сөндіретін автомобиль – автомобиль газо-водяного тушения _____, өрт сөндіру пойызы – пожарный поезд _____, өрт сөндіру кемесі – пожарное судно _____, өрт сөндіру тікұшағы – пожарный вертолет _____, өрт сөндіру автобаспалдағы – пожарная автолестница _____, өрт сөндіру иінді көтергіші – пожарный коленчатый подъемный _____, техникалық қызмет автомобилі – автомобиль технической службы _____, түтін жою автомобилі – автомобиль дымоудаления _____, штабтық автомобиль – штабной автомобиль _____, мотопомпа – мотопомпа _____, сөндіруге бейімделген және қайта жабдықталған техника – техника, приспособленная и переоборудованная для тушения _____, тағы басқа да өрт сөндіруге бейімделмеген машиналар мен жабдықтар – другие не приспособленные для тушения машины и оборудование _____

Өрт сөндіргенде берілген ұңғылардың түрі және саны –

Вид и количество стволов, поданных при тушении пожара

А _____ Б _____ лафеттік _____ көбіктік _____
ұнтақтық _____

А Б лафетных пенных порошковых

Өрт сөндіру кезінде қолданылған өрт сөндіргіш құралдардың түрі және саны (қажеттісінің астын сызып, санын қою керек) – виды и количество огнетушащих средств, применявшихся при тушении пожара (нужное подчеркнуть и поставить количество):

Ықшам және шашыратқыш су – вода компактная и распыленная _____ (текше метр (бұдан әрі – текше м.)/кубический метр (далее куб.м.)) (дымқылдағышы бар су – вода со смачивателями _____ (текше м/куб.м.) ауа-механикалық орта қарқынды көбік (20-200) – воздушно-механическая пена средней кратности (20-200) _____ (текше м/куб.м.), ауа-механикалық төмен қарқынды көбік (20-ға дейін) - _____

воздушно-механическая пена низкой кратности (до 20) _____ (текше м/ куб.м.),
 газдық – газовые _____ (тонна/тонн) _____ ұнтақтық – порошковые _____
 _____ (тонна/тонн).

Өрт сөндіру кезінде қолданылған су көздерінің түрі (қажеттісінің астын сызу керек) Виды водосточников, использованных при тушении пожара (нужное заполнить):

Су көздері водосточники	Атауы, гидрант, су қоймасының № Название, № гидранта, водоема	Су көзінің мекенжайы Адрес водосточника	Өрт орнынан қашықтығы Расстояние от места пожара
Өртке қарсы ішкі су құбыры Внутренний противопожарный водопровод			
Өртке қарсы сыртқы су құбыры Н а р у ж н ы й противопожарный водопровод			
Жасанды су қоймасы Водоем искусственный			
Табиғи су қоймасы Водоем естественный			

Өрт сөндіру басшысы (қажеттісінің астын сызу керек) – Руководитель тушения (нужное подчеркнуть):

1) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі өрт сөндіру бөлімінің командирі – командир отделения пожарной части Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ";

2) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі өрт сөндіру бөлімінің карауыл бастығы (бастықтың орынбасары) – начальник (заместитель начальника) караула пожарной части Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ";

3) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі өрт сөндіру бөлімінің бастығы (бастықтың орынбасары) – начальник (заместитель начальника) пожарной части Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ";

4) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесінің жасақ бастығы (бастықтың орынбасары) – начальник (заместитель

начальника) отряда Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ";

5) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі өрт сөндіру қызметінің кезекшісі (шұғыл кезекшісі) – Дежурный службы пожаротушения (оперативный дежурный Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ");

6) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі аппаратының қызметкері – сотрудник аппарата Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ";

7) "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (бастықтың орынбасары) – начальник (заместитель начальника) Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ";

8) Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері – сотрудник Департамента по чрезвычайным ситуациям;

9) өртке қарсы ерікті құрылымның бастығы – начальник добровольного противопожарного формирования;

10) басқалар – прочие.

Өрттің зардаптары – последствия пожара:

Қайтыс болған адамдар: барлығы _____, оның ішінде балалар _____, "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі, Төтенше жағдайлар департаменті, "Өрт сөндіруші" акционерлік қоғамы филиалының қызметкерлері _____

Погибло людей всего _____, в том числе детей _____, работников Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ", Департамента по чрезвычайным ситуациям, филиала акционерного общества "Өрт сөндіруші" _____

Жарақат алғандар барлығы _____, оның ішінде балалар _____, "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі, Төтенше жағдайлар департаменті, "Өрт сөндіруші" акционерлік қоғамы филиалының қызметкерлері _____

Получили травмы всего _____, в том числе детей _____, работников Государственного учреждения "Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ", Департамента по чрезвычайным ситуациям, филиала акционерного общества "Өрт сөндіруші" _____

Жарақаттанғандар туралы мәліметтер _____

—
Сведения о травмированных

Өрттен жойылған (зақымдалған) құрылыс _____ тұрғын үй пәтерлерінің бірлігі _____

Уничтожено (повреждено) пожаром: строений единиц жилых квартир
бөлмелер _____ / _____ қабат аралық ауданның бірлігі _____ шаршы метр
комнат единица поэтажной площади квадратных метров
ауыл шаруашылық дақылдары _____
сельскохозяйственных культур _____

(түрі және саны –вид и количество)

өлген жануарлар _____

погибло животных (түрі және саны –вид и количество)

Өрттің залалы _____

теңге

Ущерб от пожара (белгіленген немесе бағдарланған – установленный или ориентировочный)

Өрттің себебі _____

Причина пожара (белгіленген немесе болжанған – установленная или предполагаемая)

Өрттің пайда болуына кінәлі адамдар _____

Лица, виновные в возникновении пожара _____

Өрт кезінде құтқарылғаны:

Спасено при пожаре:

Адамдар _____ адам.

Людей человек.

Техника _____ бірлігі.

Техники единиц.

Мал басының бірлігі _____

единиц голов скота

Материалдық құндылықтар _____

теңге

Материальных ценностей тенге

Өрт туралы акт қарауға жіберілді _____

Акт о пожаре направлен для рассмотрения в
Комиссияның айрықша ескертпелері _____

—
Особые замечания комиссии
Комиссия мүшелерінің қолы: _____

—
Подписи членов комиссии: _____ (тегі, аты, әкесінің аты) (фамилия, имя,
отчество)

Актінің данасын алды: _____

—
Экземпляры акта получили

